

ӘӨЖ 37.016:81'342.622

МҒТАР 16.01.09

DOI 10.37238/1680-0761.2023.90(2).37

Көпбосынов Б.К.* , Боранбаев С.Р.**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан*****Корреспондент-авторы: bekaspan@mail.ru**E-mail: bekaspan@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҮНДЕСІМНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелу мәселесі жайлы сөз болады. Түркі тілдері жалғамалы сипатта болғандықтан, дыбыстардың үндесіміне зерттеушілердің назары ерте түсті. Мақалада шетелдік ғалымдармен бірге қазақ зерттеушілерінің тұжырымдары сараланды. Талдаудың негізінде қазақ тіліндегі үндестік заңының табиғаты ашылады.

Бүгінге дейін көптеген зерттеушілерде сингармонизмді тек дауысты дыбыстардың үндесуі деген пікір басым болды. Қазіргі кезде мектеп оқулықтары мен зерттеу еңбектерінде де осы анықтама беріліп жүр. Біз мақаламызда дауыссыз дыбыстардың да үндесетінін дәлелдейтін мысалдар бердік.

Қазақ тіліндегі сингармонизм туралы ғалымдардың теориялық пікірлері бірізді емес, сондықтан да қазақ тілінің фонетикалық жүйесін эксперименттік жолмен зерттеген ғалымдарының тұжырымдарына басымдық бердік.

Сингармониялық тілде дауыстымен қатар дауыссыз дыбыстың да өзіндік рөл атқаратынын дәлелдеуге тырыстық. Біздің шешімдерімізге кей қағидалар қайшы болғанмен, дыбыстардың жасалым, естілім сипатын лабораториялық жолмен зерттеген ғалымдардың көбінің пікірі біздің талдауымызбен сай келеді.

Түркі сөзінің негізі болып саналатын үндестік теориялар мен акцентті-фонемалық теориялардың проблемалық мәселелерін тереңірек түсіну маңызды болып табылады. Түркологияның дыбыстық жүйе саласында соңғы жылдарда жаңа, сингармониялық, сингармофонологиялық теориялардың қалыптасып, қолданысқа ене бастағаны осы мақаладағы тұжырымдар арқылы көрінеді.

Кілт сөздер: түркі тілдері; сингармонизм; үндестік; фонетика; сөз; дыбыс; дыбыс; заңдылық; тіл; фонология.

Кіріспе

Барлық тілдердің фонетикалық және фономорфологиялық құрылымдары өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Сол ерекшеліктердің негізгісі сөздегі үндесімдердің өзгешеше заңдылықтары екені белгілі. Осы тұрғыда түрі, оның ішінде қазақ тіліндегі сөздердің өзге тілдерден айырмашылығы бар екені анық. Оның негізгі басты ерекшелігі сингармонизммен байланысты.

Сингармонизм – дыбыстар үндесімінің ерекше түрі. Түркі тілдерінің жалғамалылық сипаты бұл үндесімнің тілде ерекше орын алатынын көрсетеді. Түркі тілдеріндегі үндесімді зерттеуші ғалымдардың көбі дауыстылардың басымдығына ерекше назар аударды. Дауыссыз дыбыстардың үндесімі негізге алынбай келді. Тілді лабораториялық жолмен зерттеген ғалымдар дауыстылармен бірге дауыссыздардың да үндестіндігін дәлелдеген.

Түркі тілдерінің фонетикалық құбылыстарының өзіндік ерекшеліктерін, дыбыстардың үндесу заңдылықтарын анықтай отырып, қазірге дейін қалыптасқан ғылыми тұжырымдарды сыннан өткізу; үндестік заңының ортақ және айырым белгілерін анықтау.

Бүгінге дейінгі түркі, оның ішінде қазақ тіліндегі үндесім заңдылығына, оның фонетикалық және фонологиялық сипаттарына қатысты түркологтар берген пікірлер мен зерттеулер жинақталды. Сингармонизм мен сөз екпінінің ара жігі ажыратылды.

Негізінен сингармонизм құбылысы алғашында дауыстылардың үндесімі ретінде танылды. Алайда тілдік құбылыс ретінде оның артикуляциялық сипатына баса көңіл бөлініп, оның қызметі жайлы пікірлер аз болды. Сондықтан сингармонизмнің ережесі біркелкі болғанмен, зерттелім нәтижелерінде өзгешеліктер байқалды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы, типологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды. Сингармологиялық талдау, сөз үндесімінің құрылымын модельдеу әдістері жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері

Проф. А.Реформатский – сингармонизмді іргелі тіл заңдылықтарының қатарына жатқызған алғашқы ғалымдардың бірі. Сонымен қатар сингармонизмнің тілдердің жіктелім белгісі ретінде жүретінін де көрсетті. Бұл сингармонизм теориясының дамуына қосылған үлкен үлес болды. Ол былай деп жазады: «Түркі тілдеріндегі сингармонизм тек фонетикалық құбылыс емес, сонымен қатар тек ассимиляцияның да бір түрі емес, тіл құрылымының фонетикалық деңгейімен қатар морфологиялық деңгейіне де әсер ететін іргелі құрылымдық-типологиялық құбылыс» [1, 198 б.]. А.Реформатскийдің бұл келтірілген пікірінен біз сингармонизмді морфонологиялық құбылыс ретінде қарастыру қажет екендігін аңғарамыз.

Морфонологияның фонологиялық және морфологиялық деңгейлердің арасындағы буыны екендігі, оның дербес деңгей құрамай, бірақ ерекше сфера ретінде фонологияға да, морфологияға да енетіні айтылған [2, 93 б.]. Морфонологияның ендігі бір анықтамасы: «Морфонология – фонология мен морфологияның арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің саласы, яғни сөз өзгерімі мен сөзжасамда фонологиялық құралдарды пайдалану» [3, 232 б.].

Сингармонизмді дыбыстардың ассимиляциясының бір түрі ретінде қарай отырып, Н.Дмитриев былай деп жазады: «Белгілі бір семантикалық бірлікке ие аяқталған дыбыстық кешен ресми тұрғыда дұрыс сақталуы керек, яғни артикуляция жағынан мүмкіндігінше жақын дыбыстардан тұрады» [4, 38 б.].

Дауысты дыбыстар үндестігінің пайда болуы сөздің мағыналық тұтастығын дыбыс тіркесімдері арқылы білдіруден шыққан деген негізінен бір ғана көзқарас бар. Оны алғаш айтқан А.Шлейхер және ол пікір В.Радлов, Л.Адам, И.А.Бодуэн-де-Куртенэ және басқа ғалымдар тарапынан қолдау тапты [5, 70 б.]. Осы жерде Г.Шухардтың: «Фонетикалық заңдар «белгілі уақыт кезеңіндегі» ерекшеліктерді білдірмейді. Басқаша айтқанда, белгілі бір уақыт аралығында, ол тек аяқталғаннан кейін анықталуы мүмкін. Фонетикалық заң тілдік қоғамдастық алып жатқан бүкіл аумақта жүзеге асырылады және сөйлеу материалының барлық жиынтығына қатысты жарамды» [6, 36 б.], - деген пікірі дұрыс деген ойдамыз. Сондықтан сингармонизм түркі тілдерінің фонетикалық заңдылығы болғандықтан түркі халықтары қоныстанған барлық аумақта жүзеге асады.

В. Касевич: «Біріншіден, сингармонизм заңдары морфемалардың фонологиялық көрінісін анықтайды. Екіншіден, сингармониялық тілдердегі аффикстердің фонемалары олар жалғанған түбірдің фонологиялық сипаттамаларына байланысты өзгереді. Үшіншіден, сингармонизм заңдары жалпы сөздің (сөз формасының) фонологиялық көрінісін анықтайды» [7, 119-120 бб.], - деп сингармонизмнің морфонологиямен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Сингармонизм сөздегі дауыстылардың үндесуі деп танылып, жалпы дыбыстардың ассимиляциясы (үйлесім) заңдылығына еніп кетті. Бұл салада В.Богородицкийдің еңбегін атап көрсеткеніміз жөн. Ол дауыстылардың үндесу заңдылығын синхрондық және диахрондық аспектілерде тұжырымдады және дауыстыларды түркі тілдерінің осы құбылыс



аясында қарастырды. Сондай-ақ әрбір жеке дауыстыға тән ортақ белгілерді бөлді және осы ортақтықты арнайы зерттеу ретінде қарастырды [8, 435 б.].

В. Богородицкий сингармонизм жайында жаңаша көзқарас ұсына отырып, оны фонологиялық деңгейде қарастырды. В.Богородицкийдің пікірінше, түбірдің үндестігі қосымша морфемалар үндестігімен сәйкес бір нақты ерекшелікті білдіреді: әр дауысты басқа дауыстылармен жеке түрде өзгеріссіз қолданылады, себебі қосымша морфемалар негізгі екі дауыстымен шектеледі – ұзын не қысқа дауыстылар; түбір үндестігімен палатальды не палатальды емес қатынаста, сондай-ақ еріндік немесе оның қатысынсыз түрін өзгертеді. В.Богородицкийдің бұл пікірімен келісе қою қиын, себебі түбірдегі дауыстылар да өзара алмасады және түркі тілдеріндегі сингармонизм тек түбірдегі дауыстыларға ғана бейімделмейді, кейінгі буындардағы дауыстыларға да бейімделеді.

Сингармонизм мәселесі о бастан күрделі тілдік құбылыс ретінде танылып келді. Сондықтан оның төңірегіндегі пікірталастар ешқашан толастаған емес. Содан бірте-бірте оның шын мәні ашыла бастады.

Түркі сингармонизмі проблемасында «дауыссыздарға қатысты сингармонизм туралы айтуға бола ма?» деген тағы да бір маңызды сұрақ бар. Бұл сұраққа Н. Дмитриев: «Сингармонизм дауыстылардың үндесімі және дауыссыздардың үндесімі болып бөлінеді... Дауыссыздардың үндесімі дауыссыз дыбыстарды ұяң мен қатаң бойынша ассимиляциялаудан тұрады: түбірдің (негіздің) соңғы дауыссыз дыбыстарынан кейінгі аффикстің бастапқы дауыссыз дыбыстары үйлесімде болуы керек» [4, 39-40 б.], - деп жауап береді. Дегенмен, дауыстылардың үндестігі дауыссыз дыбыстардың сапасына әсер ете ме деген сұрақ туады. Басқа сөзбен айтар болсақ, онда: езулік сингармонизм мен еріндік сингармонизм көрші дауыссыздардың айтылуын өзгерте ме, өзгертпей ме? Егер өзгертетін болса, оның ықпалы алдыңғы және кейінгі дауыссыздарға бірдей тарала ма, әлде олардың біреуіне ғана әсер ете ме? Басқа зерттеушілер тарапынан дауыссыздардың дауыстылардың үндестігімен байланысына қатысты сұрақ нақ осы тұрғыдан қойылуда.

Әзербайжан тілінің дыбыстық құрамын эксперименттік тұрғыдан зерттеген Ф.Кязимов зерттеу нәтижесінде: «Түркі тілдеріндегі сингармонизм тек дауыстыларға ғана емес, дауыссыздарға да таралады» [9, 94 б.], - деген тың пікір қосты. Мұның өзі қазіргі зерттеушілердің ұстанып отырған басты теориясы болып табылады.

Проф. Әлімхан Жүнісбектің қазақ тілінің материалдары бойынша сингармонизм мәселелеріне арналған зерттеулері – түркі тілдеріндегі сингармонизм дауыстыларға да, дауыссыздарға да таралатын құбылыс екендігі туралы тұжырымды бекіте түседі, бірақ сингармонизм дауыссыздарға қатысты болғанда дауыссыздың дыбыстық реңкі, сингармониялық дыбыс кешенінің элементі ретінде, дауыстыға тәуелді болып өзгеріске түседі. Ә.Жүнісбеков дауыссыздардың фонетикалық қасиеттерін зерттеп, дауыссыздардың дауыстылармен тіркесуінде артикуляцияда болатын өзгерістерді анықтады. Фонологиялық және экспериментті-фонетикалық талдау ғалымға төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік берді: «Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар тек дауыссыз дыбыстардың белгілі бір реңктерімен үйлеседі, керісінше, көрші дауысты дыбыстарға байланысты дауыссыздар әртүрлі реңктерге ие болады. Олардың ешқайсысын негізгі деп атауға болмайды... Олардың барлығы бір фонеманың тең реңктері» [10, 72 б.]. Одан әрі: «Артикуляциялық-акустикалық белгілері бойынша дауыссыз фонемалардың реңктері де белгілі бір нұсқаға немесе басқа сингармоникалық нұсқаға сәйкес келеді» [10, 73 б.]. Дауыстылардың үндестігін автор дәстүрлі, екі тұрғыда түсінеді: палатальді/палатальді емес, яғни еріндік/еріндік емес.

Хакас тілінің материалдары бойынша дауыстылар мен дауыссыздарды сингармониялық комплекс аясында эксперименттік зерттеу де құрамындағы дауыстылар еріннің қатысына байланысты қарама-қарсы қойылатын сөздердегі дауыссыздарда түрлі реңктердің пайда болатынын дәлелдеп берді. И.Оглоблин: «Алдыңғы қатардағы дауысты дыбыстарға сәйкес құрамындағы дауыссыздар палатализацияланады, ал артқы қатардағы дауысты дыбыстарда тек патализацияланбаған дауыссыздар қолданылады. Сөзде лабиализацияланған дауысты



дыбыстар болған кезде дауыссыздар қатардың белгісіне қарамастан ыдырауға ұшырайды» [11, 3 б.].

Сингармонизмнің пайда болуын түркі тілдерінің жалғамалылық сипатынан деген болжам бұрын да айтылып жүрген. Бұл жердегі негізгі ой түбір мен қосымшаның арасындағы үндестік байланыста болып отыр. Сондықтан да сөздің өзіне ғана тән әуез белгісі ескерілмей қалып отыр. Сөйтіп сөздің үндестік әуезі дербес сөздің емес, туынды сөз бөлшектерінің басын құрап тұратын лингвистикалық заңдылық ретінде танылды.

Сингармонизмнің сөздің басын біріктіріп тұратын заңдылық ретінде қарастырылуын әбден құптауға болады, алайда сингармонизмді дауысты дыбысқа апарып телуіне күмәнмен қарауға тура келеді. Өйткені сингармонизм сегменттік бірлік емес, просодикалық бірлік болып табылады. Сондықтан оның негізін дауысты дыбыс қалайды дей қою қиын.

Сингармонизмнің тілдік табиғатын ашуға тырысқан еңбектер мол. Солардың бірінен «...көбінесе дауыстылардың үндесімі деп аталатын және тек дауыстылардың ассимиляциясы айдары бойынша фонетикаға жатқызылатын, ал шын мәнінде, әлдеқайда қызықты және құрылымдық жағынан мағыналы құбылыс» [1, 191 б.],- деген проф. А.Реформатскийдің пікірі маңызды болып табылады. Ол сингармонизмді дауысты дыбыстардан бөліп алып, оған бағындырмай, өз алдына бірегей текті құбылыс екенін айтты. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, құрылымдық тұрғыдан күрделі тілдік құбылыс екенін анықмеңзейді. Ғалым өзінің ойын әрі қарай жалғастыра келіп, сингармонизмді фонетикалық құбылыс деп қарастыруға болмайтындығын, сондай-ақ оны дыбыс түрленімі деп қарауға да болмайтынын баса ескертеді.

Ж. Әбуов сингармонизм туралы пікірін былайша түйіндейді: «...сингармонизм – қазақ тілінің фонетикалық фактісі ғана емес, оның негізінде қазақ (түркі) сөйлеуінің барлық ауызша, силлабикалық және дыбыстық жағынан жүзеге асырылатын іргелі құбылыс» [12, 16 б.].

Сингармонизмнің тек дауыстыларды ғана емес, сонымен қатар дауыссыздарды да қамтитыны туралы әртүрлі пікірлер айтылды, солардың кейбіреулеріне біз де қосыламыз.

Оның ішінде Н. Дмитриев пен А. Реформатскийлердің жоғарыда келтірілген пікірлері ойымызды дәйектей түседі. Біздің ойымызша, сингармонизм тек дауыстыларға ғана емес, дауыссыздарға да таралады, өйткені түбірдегі дауыссыздарға аффикстердегі дауыссыздардың бейімделуінен де үндестік көрініп отырады.

Сонымен, кез келген өзге тілдердегі сияқты, түркі тілдерінде де бірнеше акценттік (просодикалық) құралдар бар, олардың бірі негізгі, өзгелері қосымша болып келеді. Сингармонизм сөзді сипаттайтын негізгі акценттік құрал болып келеді де, екпін қосымша акценттік құрал болады. Сондықтан, сингармонизм неғұрлым жүйелі болса, екпіннің рөлі аз болады да, үндестік көбірек бұзылған жағдайда жеке сөз табы немесе демеуліктер болатын сөздердің құрамындағы дыбыс кешендерін ажырататын, грамматикалық құралдардың жиынтығында комбинацияланатын екпіннің салмағы арта түседі.

Біздің ойымызша, сингармонизм мен екпінді теңдестіруге болмайды, өйткені бұл екі құбылыс та түркі тілдерінде кездеседі және әртүрлі қызметтер атқарады.

Сөздік екпін мен сингармонизм арасындағы тепе-теңдік жайлы қазақ ғалымдарының арасында да тың пікірлер айтылып келеді. Осыған орай егер проф. Бодуэн де Куртэне айтқандай, сингармонизм буындардың басын біріктіріп сөз құрайтын тілдік заңдылық болса, «онда бір буынды сөздердің сингармонизмін қалай түсіндіруге болады. Бұл жерде сингармонизм дыбыстардың басын біріктіріп буын құрайтын, сонан соң барып буындардың басын біріктіріп сөз құрайтын тілдік заңдылық» [13] деген пікірдің бар екенін де ескергеніміз жөн.

М. Жүсіпұлы: «Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм



заңына нық бейімделгенін анықтау керек. Ал, бұлардың ұйытқысы сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады», - дейді [14, 7 б.]. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар, сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда, «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі – сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады» [14, 107 б.]. Сөйтіп сингармонизм – түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады, ол тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Сингармема (сингема) құрамындағы дыбыстық тіл құралдары жуандық, жіңішкелік корреляция негізінде классификацияланады, бірақ фонемалық статуска ие болмайды. Езу сингармонизмі ерін сингармонизмінен басым деп анықталғанымен, зерттеу процесінде оларға тең ғылыми көңіл бөлінеді.

Сингармонизм сөздің дыбыстық құрамымен ортақтасып мағына өзгертушілік қызмет атқарады.

Сингармонология теориясында позицияның түрі мен қызметі толық анықталмайды. Сингармонизм сөздің құрамындағы барлық буындарды, дыбыстарды қамтитын болған соң, сингеманың позициялық түрлері жоқ деген пікір қалыптасқан еді. Соңғы жылдары позиция ұғымы әлсін-әлсін ендіріліп жатқан сияқты, бірақ принцип, ғылыми ұғым деңгейіне көтерілген жоқ. Бұның себебі Ленинград фонология мектебі теориясының ұғымдарында жатыр. ЛФМ-ның теориясында позициялық принцип негізгі ұғым емес. Ал сингармонология, яғни сингема (сингармема) теориясын дамытушылар (Ә.Жүнісбеков, Ж.Әбуов т.б.) осы ғылыми мектептің түлектері [14].

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі бір өлшемді, яғни қазақ тілінде фонологияның негізгі және жалғыз өлшемі – сингармонизм болып анықталады. Қазақ тілінде сөз екпіні фонемалық құралдар өлшемі статусына ие емес.

Қазақ фонетикасын зерттеу саласында сингармониялық теорияның негізгі ұғымдары, зерттеу бағыты, терминдері қалыптасқан. Зерттеу істерінің қорытындылары, акцентті-фонемалық, сингармофонологиялық сияқты басқа теориялардың негізінде жасалған қорытындылардан өзгеше.

Сингармофонологиялық теорияның ұғымдары, категориялары, зерттеу әдістері мен тәсілдерінің қолдану қорытындылары бойынша, қазақ тілінің дыбыс жүйесі үш түрлі сингармониялық фонемалар топтарынан құралады:

1. Дауысты сингармофонемалар (сингармониялық вокализм). Сөздің құрамында буын жасайды.

2. Дауыссыз сингармофонемалар (сингармониялық консонантизм). Сөздің құрамында буын жасамайды (дәстүрлі ұғым).

3. Сонантты сингармофонемалар (сингармониялық сонантизм). Сөздің құрамында кейбір позицияларда буын жасайды да, кейбір позицияларда буын жасамайды.

Үшінші топтағы фонемалардың құрамына <у> әрпімен таңбаланатын дыбыстар жатады. Бұл топ төрт дыбыстан тұрып, екі сонанттық сингармофонема құрады:

/<у> - /ұw/, /үw/ - буын жасайтын сингармониялық инварианттар;

/w/, /w/ - буын жасамайтын сингармониялық вариациялар. Мысалы: *бару, келу; дау, деу.*

Сингармониялық қасиеттеріне байланысты сонанттар, вокалдык, консонанттық фонемалар



сияқты, тіл арты жуан (/ʃw, w/), тіл алды жіңішке (/ʃw, / w/) болып бөлінеді. Сонымен бұл теорияның негізі бойынша да қазақ тілінің дыбыс жүйесі екі түрлі корреляциялық (жуандық, жіңішкелік) қарама-қарсы дыбыстардан құралады.

Бұл теорияның негізгі ұғымдарының бірі – сингармонизм ұғымы. Яғни қазақ тілінің, қазақ сөзінің доминиантты просодиялық (бөлшектенбейтін) құралы, қасиеті – сингармонизм, ал сөз екпіні – жанама просодиялық қасиеті (құралы). Яғни сингармофонология (сингармофонема) теориясы бойынша, түркі тілдерінде, солардың ішінде қазақ тілінде де, сөз екпіні бар. Бірақ қазақ (және басқа түркі тілдерінің) сөз екпіні өте әлсіз. Мысалы, сөз екпіні орыс тіліндегідей, фонологиялық та, сөз мағынасын өзгертетін, морфонологиялықта қызмет атқармайды. Сондықтан қазақ тілі сөз екпінін жанама, қосымша (негізгі емес, бейдоминантты) просодиялық тіл құралы деп анықтаған жөн. Қазақ тілінің сингармофонемалар қорын қалыптастыруда сөз екпінінің мәні мен қызметі жоқ десек дұрыс болады. Себебі қазақтілінің сөз екпіні:

а) сөздің әртүрлі буындарына түспейді;

ә) сөздің мағынасын өзгертпейді;

б) дауысты сингармофонемалардың сингармодыбыстар жиынтығы ретінде қалыптасуына қатынаспайды;

в) сөздің формаларының өзгеруіне байланысты орнын ауыстырып (жылжып) дауысты сингармофонемалардың позициялық және бейпозициялық алмасуларының себебі болмайды [14].

Қазақ тілінде сөз екпінінің тек фонетикалық қызметі бар. Ол қызметі де орыс тілімен салыстырғанда өте әлсіз. Қазақ тілі сөз екпінінің фонетикалық қызметі логикалық екпінмен бірге қызмет атқарғанда айқын байқалады. Мысалы: *Айдос тез сөйлейді* (Айдос, Айман емес). *Айдос тез сөйлейді* (тез жай емес). *Айдос тез сөйлейді* (сөйлейді, әндетпейді). Осы сөйлемде үш рет логикалық екпін ауысты. Логикалық екпінді қабылдаған сөз көтеріңкі (дауыс көп жұмсалып) я созылыңқы айтылады. Ал осындай айтылудың негізі – сөз екпіні. Логикалық екпінді қабылдаған сөздің құрамындағы соңғы буын айрықша дыбысталады, себебі бұл буын сөз екпінін қабылдайды. Қазақ тілі сөз екпінінің фонетикалық қызметі бұдан басқа салаларда да жақсы сезіледі. Ол салалар – ритмика, рифма.

Сонымен, қазақ тілінің сөз екпіні үндіеуропа тілдерінің сөз екпініндей емес. Қазақ тілінде ондай сөз екпіні жоқ [14].

Ә. Жүнісбековтің ҚТЭ-дағы «Үндестік заңы» атты мақаласында М. Жүсіпұлы қазақ тілінде сөз екпіні жоқ деп түсінетін ғалымдардың қатарында тұр: «Ал кейінгі зерттеушілер бұл екі сөз просодиясының (үндестік пен екпін) бір тілдің дыбыс құрамында қатар кездесе алмайтындығын айтады (Ә.Жүнісбек, Ж.Әбуов, М.Жүсіпов)» [15, 431 б.]. М.Жүсіпұлы, жоғарыда көрсеткеніміздей, бұл пікірді қолдамайды. Зерттеулерінде қазақ тілінде сөз екпіні жоқ деген ғылыми тұжырым кездеспейді. Бірақ соңғы жылдары конференцияларда жасаған баяндамалар қазақ тілінде сөз екпіні жоқ деген концепцияның да өмір сүруге толық құқы бар екендігін қолдап қуаттаған. Өйткені қазақ тілінде сөз екпінінің ырғақтық (ритмикалық), логикалық, поэзияда ұйқастық қызметтерінің барлығына күмән жоқ. Сонымен қазақ тілінің сөз екпінінің қызметін үндіеуропа тілдерінің сөз екпінінің қызметімен салыстырғанда, оның өте тар, өте шектелген екендігі жақсы анықталады. Яғни қазақ тілінің сөз екпіні жалғыз – фонетикалық қызмет атқарады. Ал қазақ және басқа түркі тілдерінің сөз екпіні фонологиялық және морфонологиялық қызметтерге ие болмайды.

Қазақ тілінің сөз екпіні осындай болғандықтан, фонологияның негізгі сегментті құралы – фонема екпіндік просодиялық қасиетпен емес, сингармониялық просодиялық қасиетпен өңделген тіл құралы, яғни сингармофонема деген пікір бар [14]. Сонымен сингармофонология теориясында бірінші орында «фон» («дыбыс») тұрады, себебі «фон» өзінен үлкен сегментті (бөлшектенетін) тіл құралдарының (буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, фраза т.б.) негізі, соларды қарастырады, бірімен бірін байланыстырады. «Фон» («дыбыс») жеке, сөз құрамынан тыс дыбысталады (айтылады). Ал сингармонизм, екпін, интонация т.б.

бейсегментті тіл құралдары жеке, сөз құрамынан тыс дыбысталмайды (айтылмайды), фонға, сөзге еріп, қосылып жүріп айтылады, қызмет атқарады. Сондықтан жалпы сингармонизм теориясының, ал нақты сингармофонология теориясының негізгі зерттеу объектісі, негізгі ғылыми ұғымы деп сегментті құралды (бірлікті) – сингармониялық фонеманы (сингармофонеманы) түсіну керек.

Ә. Жүнісбеков сингармониялық теорияның негізгі зерттеу объектісі, негізгі ғылыми ұғымы деп сингармонизмді, яғни бөлшектенбейтін (суперсегменттік) тіл құралын түсінеді [16].

Біздің ойымызша, тілдің дыбысының, сөзінің құрамында екі просодия болуы мүмкін, бірақ оның біреуі міндетті түрде доминантты (негізгі, әлді, қуатты, күшті) болады, екіншісі – бейдоминантты (әлсіз) болады. Басқа сөзбен айтсақ, тіл құралының құрамындағы екі просодия ешқашан қызметі жағынан тең болмайды: біреуінің қызметі айқын, мықты, универсалды (мысалы, қазақ тілінің сингармонизмі), екіншісінің қызметі – әлсіз, универсалды емес (локалды), бұлыңғыр, айқын байқалмайтын болады (мысалы, қазақ тілінің сөз екпіні). Сөз екпіні осындай (әлсіз, бейдоминантты) болғандықтан бұл просодияны жоқ дейтін де пікірдің пайда болуының ғылыми себептері көп.

Сонымен, М. Жүсіпұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесін, фонологиясын көп өлшемді (многомерная) деп түсінеді. Оның құрамында просодиялық және фонемалық құралдар болады. Олар:

- 1) сингармонизм – негізгі (доминантты) просодиялық (суперсегментті) құрал;
- 2) сөз екпіні – негізгі емес (жанама бейдоминантты) просодиялық (суперсегментті) құрал;
- 3) сингармофонемалық (сегментті, бөлшектенетін) құралдар.

Ә.Жүнісбеков қазақ тілінің дыбыс жүйесін (фонологиясын) бір өлшемді (одномерная) деп түсінеді. Ол сингармонизмнен, яғни суперсегментті (бөлшектенбейтін) құралдардан тұрады [16].

Сингармофонология теориясында қазақ тілінің вокализм жүйесінің құрамындағы жуан, жіңішке дыбыстардың сингармофонемалық статусы бар (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і), себебі бұлар жеке (сөздің құрамынан тыс) дыбысталады (айтылады).

Консонантизм жүйесінің құрамындағы жіңішке дыбыстардың сингармофонемалық статусы жоқ, себебі бұлар жеке (сөздің құрамынан тыс) дыбысталмайды (айтылмайды). Мысалы, *ал-ал* деген сөздердің құрамындағы жуан [л] мен жіңішке [л] жеке сингармофонема емес. Жуан [л] және жіңішке [л] жеке бір сингармофонеманың (л) тең сингармовариациялары.

Сонымен, сингармофонология теориясының негізінде өткізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша, қазақ тілі дауыстыларының жуан-жіңішкелігі жеке сингармофонемалар деңгейіне дейін дамып жеткен де, ал қазақ тілі дауыссыздарының жіңішкелігі жеке сингармофонемалар деңгейіне дейін дамып жетпеген. Яғни жуандық, жіңішкелік айыру көрсеткіштерінің вокализм жүйесі мен консонантизм жүйесіндегі қызметтері тең емес.

Сингармофонология теориясының ұғымдарын, терминдерін қалыптастыру үшін әлем фонологиясының жетістіктерін пайдалануға әрекет жасалды, сондықтан Москва фонология мектебінің теориясынан позиция ұғымын, фонеманың позициялық түрлері туралы ұғымын алып (түпнұсқасын А.Байтұрсынұлы жасаған), олар қазақ тілінің төл қасиеттеріне сәйкес түсіндіріліп, жаңа мағынада қолданылады [14]. Мысалы, МФМ-ның позициялық принципі қазақ тілі сөйлесімінің негізгі жуандық-жіңішкелік дыбысталуына сай сингармониялық позиция түсінігіне ие болды. МФМ-ның теориясында фонеманың үш позициялық түрі анықталады, қазақ тілінің дыбыс жүйесінің ерекшелігіне байланысты дауысты сингармофонеманың позициялық сингармо түрлері анықталды (сингармоинвариант, сингармовариация, сингармовариант). Яғни сингармофонема – сингармодыбыстар жиынтығы (қоры).



Сингармониялық (сингемалық) теорияда (Ә.Жүнісбеков) дауыссыздың сингармониялық түрі болады. Ол сингармониялық дыбыстар тек әлді позицияларда кездеседі. Әлсіз позициядағы сингармодыбыстар сингармониялық теорияда арнайы зерттелмейді. Яғни позициялық концепция сингармониялық (сингемалық) теорияның негізгі ұғымдарының бірі ретінде қаралмайды. Сол себептен қазақ тілінің дауыссыздар жүйесінің құрамында 66 сингармониялық дыбыс қызмет атқарады деген қорытынды жасалады.

Сингармофонологиялық теорияда (М.Жүсіпұлы) позиция ұғымына үлкен көңіл бөлінеді де, ол сингармониялық позиция деп аталады. Сингармопозиция екі түрге бөлінеді – әлді, әлсіз. Әр сингармофонеманың сөз құрамындағы барлық позицияларда атқаратын қызметі зерттеледі де, сөйтіп бір дауыссыз сингармофонеманың тек төрт түрлі сингармодыбыстарда емес, сегіз түрлі, он екі түрлі сингармодыбыстарда қызмет атқаратындығы анықталады. Мысалы: /Н/→[Н], [Н⁰], [Н¹], [Н¹⁰] (әлді позицияларда); [М], [М¹], [М⁰], [М⁰], [Ң], [Ң¹], [Ң⁰], [Ң¹⁰] (әлсіз позицияларда); *нан, сән, қон, көн.; нан ба? сен бе? қон ба, көн бе, Асанғалы, тон киді, Есенкелді, түн келді* [14].

Сонымен сингармофонология теориясының (М.Жүсіпұлы) негізінде өткізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша қазақ тілінде әлді, әлсіз позицияларда 105 сингармониялық дауыссыз дыбыс қызмет атқарады. Бұл 105 сингармодыбыс 17 дауысты сингармофонеманың (Ә.Жүнісбеков) құрамына емес, 21 дауыссыз сингармофонеманың құрамына енеді (М.Жүсіпұлы).

Сонымен акцентті-фонемалық (дәстүрлі фонологиялық), сингармониялық, сингармофонологиялық теориялардың ұғымдарында, категорияларында, зерттеу әдіс-тәсілдерінде ұқсастық та, өзгешелік те бар. Екіншісі басым және күрделі. Сол ұғымдық, сол процессуалдық ерекшеліктер осы үш ғылыми зерттеу бағытты қазақ тілтанымында үш фонологиялық теория ретінде қалыптастырады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы ғылымының құрамындағы үш теорияның да тегі А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының осы салаға арналған еңбектерінен басталады [17; 7 б.].

А.Байтұрсынұлының негізгі фонетикалық еңбектері әлемдік тілтанымда (лингвистикада) фонология теориясының туындап, тыңнан қалыптаса бастаған тұсына тура келеді. Ол пайдаланған теориялық ұстаным фонологиялық деңгейде болғанымен, оның зерттеу әдісі ретінде пайдаланылған-пайдаланылмағанын нақты білмейміз. Өйткені ғалым өзінің еңбектерінде зерттеу амалына тоқталмай, зерттеудің нәтижесін ғана ұсынып отырады. Сөйтіп біздің қолымыздағы мәлімет фонологиялық теорияның (үндесім, сингармонизм) өзі емес, сол теорияның нәтижесі болып отыр.

А.Байтұрсынұлының фонетикалық мұрасын көптен бері арнайы зерттеп келе жатқан профессор М.Жүсіпұлының «қазақ тілінің дыбыстарын А.Байтұрсынұлы фонологиялық мағыналы единицаларға» бөліп жіктегенін баса айта келіп, «...қазақ тілінің просодиялық доминантасы деп А.Байтұрсынұлы сингармонизмді түсінген...» [14, 56 б.] деуі бүгінгі күнгі зерттеушілердің берген әділ бағасы болып табылады.

А.Байтұрсынұлының фонологиялық шешімдері орыс зерттеушілерінің назарына ілініп, аса жоғары бағаланды. Осының негізінде А.Байтұрсынұлының «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» [17, 390 б.] деген қағидасы жатыр. Бұл жердегі баса көңіл бөлетін жай «жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» деген сөзі. Ең бастысы Ахаң сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонологиялық мәртебесін тең көріп отыр. Әрине дауыссыз «...дыбыстардың жуан, жіңішке айтылу ықтияры дауысты дыбыстарда болады» [17, 390 б.] деген сықылды жарыспа пікірлерді де кездестіріп қаламыз. Алайда ғалымның өзінің көкірек көзімен тапқан қазақ сөзінің бірегей просодикасы жайлы ойлары әрқашан басым жатады.

Қорытынды

Қазіргі қазақ (түркі) теориялық фонетикасының «гармония гласных» деген жаңсақтықтан арылып келіп отырған тоқтамы да осы А.Байтұрсынұлының қағидасы болып табылады. Өкінішке орай, түркі теориялық фонетикасы, оның ішінде, әсіресе, практикалық фонетика (қазақ тілі оқулықтары мен оқу-әдістеме құралдары) «гармония гласных» дегеннен әлі күнге дейін арыла алмай келеді.

Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің үндестік заңы біршама жүйелі зерттелді дегенмен, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының сингармонизм жайлы тұжырымдамасы оң шешімін табады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Реформатский А.А. Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма // Исследования по фонологии. – М.: Наука, 1966. – С 186-198.
2. Норман Б.Ю., Павленко Н.А. Введение в языкознание. – Минск: “Высшая школа”, 1984. – 365 с.
3. Ахунзянов Э.М. Общее языкознание. – Казань: Издательство Казанского университета, 1981. – 256 с.
4. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М. 1948. – 275 с.
5. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Издательство “Наука”, 1970. – 204 с.
6. Шухардт Г. Избранные статьи по языкознанию. – М.: Издательство иностранной литературы, 1950. – 292 с.
7. Касевич В.Б. Морфонология. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1986. – 160 с.
8. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953. – 220 с.
9. Кязимов Ф.А. Принципы сингармонизма в азербайджанском языке // Изв. ОЛЯ АН СССР. Т. 13. Вып. 1. – М., 1954. С. 88-96.
10. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 75 с.
11. Оглоблин И.А. К проблеме сингармонизма: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Л., 1971. – 24 с.
12. Абуов Ж. Сингармоническая основа восприятия тюркской речи. – Алматы, 1997. – 217 с.
13. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. дисс. ... д-ра филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 60 с.
14. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 215 б.
15. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – 480 б.
16. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009. – 312 б.
17. Байтұрсынұлы А. Тіл тағдылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

REFERENCES

- [1] Reformatskij A.A. (1966). *Ierarkhiyafonologicheskikhedinicziyavleniyasingarmonizma* [Hierarchy of phonological units and singarmonism] // *Issledovaniya po fonologii - Research on phonology*, 186-198. [in Russian].
- [2] Norman B.Yu., Pavlenko N.A. (1984) *Vvedenie v yazy`kcoznanie* [Introduction to the language] // “*Vy`she`jshayashkola*” - : “The highest School”, 365. [in Russian].
- [3] Akhunzyanov E.M. (1981) *Obshheeyazy`kcoznanie* [Public language]. –Kazan` : *Izdatel`stvoKazanskogouniversiteta - Kazan: Kazan University*, 256. [in Russian].
- [4] Dmitriev N.K. (1948) *Grammatikabashkirskogoyazy`ka* [Bashkir Language Grammar] // *Moskva – Moscow*, 275. [in Russian].

- [5] Shherbak A.M. (1970) *Sravnitel'nayafonetikatyurkskikhyazy'kov* [Comparative phonetics of the Turkic languages] // *Izdatel'stvo "Nauka" - Publishing "Science"*, 204. [in Russian].
- [6] Shukhardt G. (1950) *Izbranny'estat'i po yazy'koznaniyu* [Specific articles on language] // *Izdatel'stvoinostrannojliteratury' - Publishing of Foreign Literature*, 292. [in Russian].
- [7] Kasevich V.B. (1986) *Morfonologiya* [Morphology] // *Izdatel'stvoLeningradskogouniversiteta - Publishing of Leningrad University*, 160. [in Russian].
- [8] Bogorodiczkij V.A. (1953) *Vvedenie v tatarskoeyazy'koznanie v svyazi s drugimityurkskimiyazy'kami* [Introduction in Tatar language in connection with other Turkic languages]. – Kazan, 220. [in Russian].
- [9] Kyazimov F.A. (1954) *Princzipy` singlarmonizma v azerbajdzhanskomyazy'ke*. // *Izv. OLYa AN SSSR* [Principles of singlarmonism in Azerbaijani language] // *Moskva – Moscow*, 13, 1, 88-96. [in Russian].
- [10] Dzhunisbekov A. (1980) *Singarmonizm v kazakhskomyazy'ke* [Singarmonism in Kazakh language] // *Alma-Ata: Nauka - Alma-Ata: Science*, 75. [in Russian].
- [11] Ogloblin I.A. (1971) *K problemesingarmonizma* [Problem singlarmonism] // *Avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Abstract. diss. ... Kand. philol. Science*, 24. [in Russian].
- [12] AbuovZh. (1997) *Singarmonicheskayaosnovavospriyatiyaturkskojrechi* [The synharmonic basis of the perception of Turkic speech]. – *Almaty*, 217. [in Russian].
- [13] Dzhunisbekov A. (1988) *Problemy` tyurkskojslovesnojprosodiisingarmonizmkazakhskogoslova* [The problems of the Turkic language and singlarmonism of the Kazakh language] // *Avtoref. diss. ...d-ra filol.nauk. – Abstract. diss. ... doctor philol. Science - Alma-Ata*, 60. [in Russian].
- [14] Zhysi`pұly` M. (1998) *AkhmetBajtyrsy`novzhane qazi`rgi` qazaqti`li` fonologiyasy`* [AkhmetBaitursynov and Phonology of the modern Kazakh language] // *Almaty` : Fy`ly`m - Almaty: Science*, 215. [in Kazakh].
- [15] Qazaqti`li`. (1998) *E`ncziklopediya* [Encyclopedia] // *Almaty` : IDK-TIPO*, 480. [in Kazakh].
- [16] Zhyni`sbekӘ. (2009) *Qazaqfonetikasy`* [Kazakh phonetics] // *Almaty`*, 312. [in Kazakh].
- [17] Bajtyrsy`nұly` A. (1992) *Ti`l tazy`ly`my`* [Language lessons] // *Almaty` : Ana ti`li` - Almaty: native language*, 446. [inKazakh].

Копбосынов Б.К., Боранбаев С.Р.

ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ СОЗВУЧИЯ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В этой статье речь пойдет о проблеме изучения singlarмонизма в тюркских языках, в том числе в казахском. Поскольку тюркские языки носят продолжительный характер, внимание исследователей к созвучию звуков было обращено рано. В статье проанализированы выводы казахских исследователей совместно с зарубежными учеными. На основе анализа раскрывается природа закона созвучия в казахском языке. До сих пор у многих исследователей преобладало мнение, что singlarмонизм-это просто созвучие гласных. В настоящее время в школьных учебниках и трудах по зеттау дается такое определение. В нашей статье мы предоставили примеры, которые доказывают, что согласные также созвучны. Теоретические мнения ученых о singlarмонизме в казахском языке не последовательны, поэтому мы отдали предпочтение выводам ученых, экспериментально изучавших фонетическую систему казахского языка.

В singlarмоническом языке мы пытались доказать, что наряду с гласной согласная играет свою роль. Несмотря на то, что некоторые принципы противоречат нашим решениям, мнение большинства ученых, которые лабораторно изучали природу звукообразования, слуха, согласуется с нашим анализом. Важное значение имеет более глубокое понимание проблемных вопросов теорий созвучия и акцентно-фонематических теорий, которые являются основой тюркского слова. О том, что в последние годы в области звуковой системы тюркологии сформировались и стали применяться новые,



сингармонические, сингармофологические теории, свидетельствуют выводы из этой статьи.

Ключевые слова: тюркские языки; сингармонизм; гармония; фонетика; слово; звук; звук; законность; язык; фонология.

Корбосынов Бекжан, Боранбайев Сандыбай

THE PROBLEM OF STUDYING CONSONANCE IN TURKIC LANGUAGES

Annotation. This article will focus on the study of singarmonism in Turkic languages, including Kazakh. Since the Turkic languages are connected in nature, the attention of researchers to the consonance of sounds came early. The article analyzed the conclusions of Kazakh researchers together with foreign scientists. Based on the analysis, the nature of the law of harmony in the Kazakh language is revealed. To date, many researchers have been dominated by the opinion that singarmonism is only the consonance of vowels. Currently, this definition is given in school textbooks and zettu works. In our article, we gave examples that prove that consonants are also consonant. The theoretical opinions of scientists about singarmonism in the Kazakh language are not consistent, so we gave priority to the conclusions of scientists who experimentally studied the phonetic system of the Kazakh language.

We tried to prove that in a singarmonic language, along with the vowel, the consonant also plays its own role. Although some principles contradict our decisions, the opinion of most scientists who have studied the nature of sound formation and hearing in a laboratory way coincides with our analysis.

A deeper understanding of the problematic issues of consonant theories and accent-phonemic theories, which are the basis of the Turkic word, is important. The fact that new, singarmonic, singarmophonological theories have been formed and put into practice in recent years in the field of the sound system of Turkology is shown by the conclusions in this article.

Keywords: Turkic languages; singarmonism; consonance; phonetics; word; sound; sound; pattern; language; phonology.